Әділет

# Жаңақорған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 335 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 сәуірде № 6778 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 қарашадағы № 116 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған аудандық мәслихатының 29.11.2021 № 116 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес Жаңақорған аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жаңақорған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Жаңақорған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Жаңақорған аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 219 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6291 нөмірімен тіркелген, 2018 жылы 18 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Жаңақорған аудандық мәслихатының кезекті XXXIII сессиясының төрағасы* | *А.Мажитов* |
| *Жаңақорған аудандық мәслихат хатшысының уақытша міндетін атқарушы* | *С.Абдуллаев* |

Жаңақорған аудандық мәслихатының 2019

жылғы 22 сәуірдегі №335 шешіміне 1 қосымша

## Жаңақорған ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

| № | Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер | Есептік бірлік | 1 есептік бірлікке жылдық нормасы, текше метр |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Жайлы емес үйлер | 1 тұрғын | 0,55 |
| 2 | Жатақханалар, интернаттар | 1 орын | 0,52 |
| 3 | Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері | 1 орын | 0,83 |
| 4 | Балабақшалар, бөбекжайлар | 1 орын | 0,31 |
| 5 | Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері | 1 қызметкер | 0,72 |
| 6 | Емханалар | 1 келіп кету | 0,00048 |
| 7 | Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері | 1 төсек-орын | 0,91 |
| 8 | Мектептер және өзге де оқу орындары | 1 оқушы | 0,23 |
| 9 | Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері | 1 отыратын орын | 0,72 |
| 10 | Театр, кинотеатр, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы | 1 отыратын орын | 0,22 |
| 11 | Мұражайлар, көрмелер | жалпы алаңы 1 шаршы метр | 0,07 |
| 12 | Стадион, спорт алаңдары | жоба бойынша 1 орын | 0,020 |
| 13 | Спорт, би және ойын залдары | жалпы алаңы 1 шаршы метр | 0,06 |
| 14 | Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер | сауда алаңы 1 шаршы метр | 0,70 |
| 15 | Машиналардан сату | сауда орнының 1 шаршы метр | 0,26 |
| 16 | Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер | сауда алаңы 1 шаршы метр | 0,43 |
| 17 | Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары | жалпы алаңы 1 шаршы метр | 0,20 |
| 18 | Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары | жалпы алаңы 1 шаршы метр | 0,15 |
| 19 | Вокзал, автовокзал | жалпы алаңы 1 шаршы метр | 0,22 |
| 20 | Дәріханалар | сауда алаңы 1 шаршы метр | 0,19 |
| 21 | Автотұрақтар, автомобиль жуу орындары, автожанармай құю станциялары, гараждар | 1 машина-орын | 1,27 |
| 22 | Автомобиль шеберханалары | 1 жұмысшы | 1,13 |
| 23 | Шаштараздар, косметикалық салондар | 1 жұмыс орны | 1,04 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 24 | Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі | жалпы алаңы 1 шаршы метр | 0,14 |
| 25 | Зергерлік, аяқкиімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары | жалпы алаңы 1 шаршы метр | 0,41 |
| 26 | Ұсақ жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар) | 1 жұмыс орны | 0,85 |
| 27 | Моншалар, сауналар | жалпы алаңы 1 шаршы метр | 0,26 |
| 28 | Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды тұлғалар | 1000 қатысушы | 0,16 |

Жаңақорған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 сәуірдегі №335 шешіміне 2 қосымша

## Жаңақорған ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер

| № | Атауы | Есептік бірлік | Бағасы (ҚСС қоса) ( теңге) |
|---|---|---|---|
| 1 | Тұрғын үйлерден тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету және көму | айына 1 адамға | 65,0 |
| 2 | Шаруашылық субъектілер - абоненттер үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету | 1 текше метр | 805,25 |
| 3 | Шаруашылық субъектілер - абоненттер үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды көму | 1 текше метр | 611,68 |

Ескерту: ҚСС-қосылған құн салығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК